

жатқан үдемелі өзгерістерге бейімделгіштігін күшейтетін лингвистикалық біліктілігі жоғары дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қалыптасуына септігін тигізетін тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа үлгісін құруды көздейді. Көптілдік адамның өзіне ғана емес, қазақстандық қоғамға пайда әкелуіне назар аударғанмыз қажет. Бұл орайда патриоттық тәрбиені күшейту мәселесі өзекті болып табылады. Өзге тілді үйреніп, басқа мәдениетті білумен қатар, жас ұрпақтың өз елінің құндылықтарын биік ұстауына бүгінгі мектептің жауаптылығы барынша күшті.

Көптілділік, яғни тілдердің үштұғырлығы туралы бастамашылдық Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделген екен. Бұның негізі - мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуі мен адамзаттың өмірлік қажеттіліктері. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды. Сонымен, әр білім беретін, балаларды тәрбиелейтін мекеменің басты міндеті - Қазақстанның жаңа азаматын тәрбиелеу болуы тиіс. Сондықтан кішкентай жасынан бастап, балабақшаға келген күндерінен бастап балалардың шетел және басқа тілдерге қызығушылықтарын арттырып, үштілділік арқылы тәрбиелеу керек. Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазір бес тіл болсын, он тіл болсын, жақсылап үйретсе, меңгеріп кетеді. Балаларды бір тілмен шектеу – дұрыс емес. Сол үшін, ең болмағанда, үштілділікті кішкентай жасынан бастап жетілдіруіміз керек. Сонда ғана балалар тілді табиғи түрде тез меңгереді. Қазіргі балаларға білім алуға барлық жағдай жасалынған. Олар бүгін жақсы оқыса, көптілді меңгерсе, келешекте Қазақстанымыздың өркениетті дамуына өз үлестерін қосады, дүниежүзін шарлайды.

Елбасымыздың үштілділік жоспарын іске асыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың ана тілге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, орыс, ағылшын тілдерін жетік білуге баули отырып, еске сақтау, мінерлеп оқу, әдемі сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыруының мақсатына қойылып отыр. Үштілділік – қоғамды топтастыратын таңғажайып мүмкіндік. Елбасы «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз»-деп, осы мәселеге орай белсенді түрде іс жүргізу қажеттігін белгілеп берді. Сондай-ақ Ұлт көшбасшысы дарқан даламыздың ер ұрпағының ана тілі –қазақ тілінің мәртебесін бір сәт төмендеткен емес. Ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады!

Қорыта келе, көптілділікті жеке тұлға қылаптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи халықаралық деңгейде білім беру кеңістігіне шығатын дара жолдың зерттеу нысаны есебінде санау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Өтемұратова Б.С. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақтың көркем мәдениетін пайдалануға музыка мұғалім дарін даярлау: автореферат. – Алматы, 2000 ж.
2. Музыка сабағында шығармашылық қабілетті дамыту// Бастауыш мектеп. - 2005 ж , №5. - 23 б. – 28 б.
3. Оқушыларға эстетикалық тәрбие берудегі музыканың рөлі// Бастауыш мектеп. - 2003 ж , № 11. - 18 б.

ҚҰРМАНҒАЗЫ КҮЙЛЕРІН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ҮЙРЕНУ

Тойшан Б., «Музыкалық білім» мамандығының 3 курс студенті,
Жетекшісі: **Сапиева М.С.**, Өнер кафедрасы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, Қостанай қ.

Қай ғасырда болмасын қайтпас қайсар қазақ халқының дәстүрі, салты, ғұрпы ғазал

сөзбен, өшпес өнермен сусындап өскен өскелең ұрпақтың, сонымен қатар ғалам халықтарының ой қатпарларында да мол өнеге мен үлгі қалдырғаны сөзсіз. Елімізде өнер ордасының ортасында ойқастап ғұмыр кешкен, кешегі өткен кемелді, керуен керуен ән жырдың бастауында болған бағы мен бабы қоса шапқан дарынды да жалындылардың біз үшін қалдырған мұрасы таптырмас, теңдесі жоқ қазына екеніне ешкімнің де дауы жоқ шығар. Дегенмен, халқымыздың ұлттық мәдени қайта өркендеуі жағдайында тарихымыздағы әйгілі тұлғалардың шығармашылығын терең ашып көрсету арқылы жастардың ұлттық қазынаны игеруге деген қызығушылығын арттыру, олардың өзін өзі тануын және өткенімізге зер сала қарап, халық даналығынан нәр алуы бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы мәселенің мән жайын кешегі өнердің бүгінгі күйімен түсіндіруге қолымыз жетіп отырғаны сөзсіз.

Әр түрлі бағыт, әр сала,
Сыйлайтын шаттық баршаға.
Бабамнан қалған базына

Өнердің түрі қаншама, - демекші, шынымен де ел арасындағы дүлдүлдердің бойында талай өнердің болғаны, әлі де бары баршамызға тайға таңба басқандай анық, айқын [1]. Қазақ халқының қасиеттеп маңдайға басар мақтанышы, өнер әлемінің биігінің бірі, жан дүниені тек әуенмен ғана толғанысқа түсетін әсерлі өнердің бірегейі **күй жанры**. Домбыраның қос ішегінен күмбірлей төгілген құдіретті күй талайды тамсандырып, таңдай қақтырары шүбәсіз. Сондықтан да кең даланы кезіп соққан самалдың сазындай жүрек тұсын шаттық пен мұң арпалысының алаңына айналдырардай әсер қалдыратын күй жанры кей жанрларға қарағанда көсіле қолданылады десек қате айтпаспыз. Әрине, көптеген өнер иелерінің туындылары қазіргі күннің баға жептес байлығы. Қай күйшінің күйін тыңдасаң да қабырғаң қайыспай, көңілің шалқымай тұра аламайсың. Солардың ішінде тілге тиек етіп отырған текті тұлға Құрманғазы күйлерінің идеялық эмоциялық диапазоны өте кең, тақырыбы бай. Олар бір қарағанда композитордың жеке басына арналған өмірбаяндық толғаныстар болып көрінгенімен, түптеп келгенде, қоғамдық әлеуметтік тұрмыс көрінісін суреттеп, адам рухын үстем бейнелейді.

«Құлақтан кіріп, бойды алған әсем ән мен тәтті күйге» шалқып, балқып, жүректеріне жылы қабылдамаған жан жоқ. Музыка жан дүниенің сырлы әуезбен жеткізілген түрі. Музыка өнер құралы ретінде эстетикалық тәрбие берудің маңызды жолдарының бірі. Музыканың адамның көңіл көкжиегіне, жүрек толқындарына тигізетін әсері орасан зор, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінеді. Ал, музыка сабағы шәкірттерді ұлттық музыка ретінде тәрбиелеу, яғни халық музыкасына, фольклорына құрметтен қарау, ұлттық дәстүрді қастерлеудің бастауы бола алады.

Шынайы өнердің шыңы бола білген күйшілік өнер ғасыр бойы ұстаздан шәкіртке беріліп келе жатқан тәрбие мектебі. Осыдан күйдің халықтық педагогикамен сабақтастығы да айқын. Негізінде, музыка өнерінің мектеп бағдарламасында қамтылуы, соның ішінде арқасын кенге жайған күй шығармаларының тәрбиелік маңызын көрсету бүгінгі күннің жаңа талабы. «Күй» деген құрғақ анықтамалық түсініктен гөрі, оның тұңғышы терең тарихи арналар мен тәрбиелік негіздерін де сөз еткен тиімді. Күй халық мұрасы десек, күйшілік дәстүр халық педагогикасының жемісті бір бұтағы. Осы негізде барып біз күйшілік өнердің табиғатын, тәрбиелік көздерін игеретін боламыз. Ал, осы күй арқылы тәрбиенің тал бесігін тербетіп, келешекке кемелді мұра қалдырған «демократиялық стильдің орындаушысы» Құрманғазының орны бір төбе, шоқтығы биік.

Талантты күйшінің тарбаң тағдырмен арпалыса өткен өмір өткелдеріне қысқаша көз жүгіртсек, ұлы күйші, дарынды дала композиторы Құрманғазы 1818 ж Бөкей хандығы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жерде дүниеге келген. Анасы Алқадан алпауыт өнер жалынының ұшқынын алған күйші қолына домбыра тисе әруақтанып, нұрланып шыға келетіні оның бойындағы дарынының дабылы екенін ескерген жөн [2]. Бойындағы бұла күші, асау таланты Құрманғазыға өз дегенін істетпей қоймады. Ұзақ уақыт бойы ұлан ғайыр өлкенін ұлы күйшілерінің бірі Ұзақтан тәлім алып

сусындаған. Қос ішектің көмегімен қайғы мен қуаныштың сарынын қоса әуелеткен ұлы күйшінің ұмытылмас күйлері ұлт жүрегінің төрінде екені сөзсіз...

Исатайға арналған «Кішкентайы», жастардың жан сырын ұғындыра білген «Балбырауыны», ұстазы Ұзақтың құрметіне шығарылған «Ұзақ Ақжелеңі», халық көңілінің төрін, жүрегінің жылуын иемдеген «Адайы», серт беріскен серілерге серпін берген «Серпері», аяусыз тағдырға темір тордың ар жағынан білдерген қарсылығын бейнелеген «Тұрмеден қашқан», аяулы анасына арналған «Қайран шешем», «Аман бол шешем» және т.б. көптеген күйлерінің барлығы сырттай көлемі де, мазмұны да, техникалық деңгейі де терең, күрделі, жоғары дәрежелі шығармалар және де шағын ғана өзіндік тарихы бар туындылар. Күйшінің толық өмірбаяны қолымызда болмағандықтан, өкінішке орай Құрманғазы күйлерінің хронологиялық тәртібін дәлме дәл көрсетіп отыру мүмкін емес. Дегенмен, жігері де бар, мұңы да бар, симфониялық астарды бар, тарихы да бар, жылдар көшінде өз орны да бар Құрманғазы күйлерін есту арқылы біліп, тыңдап отырып түсіну біздің мақсатымыз.

Күйшінің күмбір күйлерімен келешек ұрпақты таныстыру, Құрманғазының шығармалары арқылы шәкірт санасына музыканың құдіретін терең түсіндіріп, оны өзінің рухани азығы ете отыра музыкалық білімді азамат етіп тәрбиелеу—бүгінгі таңдағы музыка мамандарының алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі. Ол үшін Құрманғазы күйлерін музыка сабағында пайдаланып, оның астарын, тарихын, құрылымын оқушыға түсіндіре отыра, негізгі идеясын, тәрбиелік мәнін ашу музыка саласының мұғалімінің жоспарына енгізу қажет. Мысалға бірінші сынып оқушылары үшін, «Ән күй – халық қазынасы» тақырыбын жылдық жоспарға енгізіп, осы бойынша жұмыстың бастауын алар болсақ, бірінші жартыжылдықты оқушылар алғаш рет қазақ халық аспаптық музыкасыен, күйлерімен танысатын «Сырлы да сазды әуен» тақырыбынан бастап, сабақты өзара байланысты ән айту, музыка тыңдау және музыкалық сауаттылық секілді үш бөлімге бөлуге болады [3]. Егер бұл бөлімдерді бөліп қарайтын болсақ, ән айту барысында ести білу қабілетін дамыту аса маңызды болып табылады. Музыка тыңдау кезінде оқушылар тыңдау арналған әндер мен күйлер айқын мағыналы болғандықтан, шығарманың мазмұны, жанры мен көркем құралдары жөнінде ұғым алады. Сонымен қатар түрлі әдістерді пайдалану және қызықты аңыздар мен әңгімелерді айтып беру сол материалдарды сапалы да жеңіл қабылдауы естерінде ұзақ сақтауға көмектеседі. Үшінші бөлімде бірінші сынып оқушылары музыканың көңіл күйін анықтауды, дыбыс күші мен дыбыс қозғалысын ажыратуды үйренеді, ән құрылымымен, синкреттік ұғыммен танысады. Музыка әлеміне жаңа аяқ басып жатқан бүлдіршіндердің екінші жартыжылдықта «Күмбірлеген күміс күй» тақырыбында білімдерін толықтырып, Құрманғазы күйлерімен кеңінен таныстырады. Оқушыларға «күй» туралы жалпы ұғым, халықтық аспаптың түрлері, құрылысы, шығу тарихы туралы мағлұматтар беріледі. Сонымен бірінші сабақта оқушыларға «Сарыарқа» күйін тыңдатамыз. Бұл шығармадан бастаудың бірден бір себебі «Сарыарқа» тек күй деген форманың негізінде қалып қоя алмайтын шығарма. Ол Сарыарқаның алай дүлей атшабыс, жорықты суреттейтін ырғағы мен екпіні шын мәнісінде жалпы халықтың ат қойған жорығы, еркіндік үшін аттанысы. Міне осылайша жас жалын оқушыны көркем бейнені түсіне білуге, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке, туған жерін, қоршаған ортаны сүйе білуге, үлкенді құрметтеуге, жасқа кішіпейілділік көрсетуге тәрбиелеп, музыкалық талғамын, шығармаға эмоцияналды сезімін дамытады. Әрі қарай келесі оқу жылдарында оқушыларды өзге тақырыптар арқылы күй атасының өзге де туындыларымен таныстырады. Осындай сарында жұмыс жасап, 1-2 сынып оқушыларына Құрманғазы күйлері арқылы музыканы талдай білуіне, шығармаларды бөлімге бөліп қарастыруына, көркемдік бейнелерді қабылдауына жол аша отырып, 3-4 сынып оқушыларының бойында шығарманы мазмұнына қарай тұтас қабылдауын, күй ырғағындағы ерекшеліктерді түсінуін, эстетикалық талғамы мен шығармадағы екпін ырғағын, дыбыс күші биіктігін ажырата білуін, күйлердің мазмұнын толықтай қабылдай білуін дамытады. Осылайша музыка сабағында Құрманғазы күйлерін сабақта пайдалану арқылы, оқушы бойында жоғарыла айтылған қасиеттерді дамытып, классикалық музыка тілін, саздылықты, халық күйлерінің ірі музыкалық шығармалардағы

орнын түсінуге, сонымен қатар қарапайы тапқырлыққа, табандылыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелейміз.

Қорыта айтқанда күй адамның жан сезім дүниесін, оның жеке басының көңіл күйін, қуанышы мен қайғысын, өмір сүрген қоғамын, тіршілік дүниесін, табиғат анасын өзен суын, орман тоғайын, асқар таулары мен байтақ даласын паш етіп жырлайтын шығармашылық жанрға айналды. Сәйкесінше, сайын даланың төсінде туған күйлерді тындап, терең сезіне білген бала музыкалық эстетикалық талғамы жоғары, адамгершілігі мол, мейірімді, жан жақты, мәдениетті, ұлтжанды азамат боп өсетініне еш күмән жоқ. Ал сондай күйлерімен талааай жүректерге жалын сыйлаған, әлем мықтылары бас иген үздік шығармаларды дүниеге әкелген, күй атасы, озық домбырашы Құрманғазы Сағырбайұлының туындылары музыка сабағында қолданылуы жас ұрпаққа беретін тәлім тәрбиесі мол. Ендігі біздің мақсат бабалардан қалған асыл мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа көненің көзі ертеңгі күннің бастауы ретінде ұсынуымыз қажет. Ал, Құрманғазы күйлерінің құдіретін асқақтату барлық жерде осылай жас шақтан, бала кезден басталып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жайымов А., Бүркітов С., Ысқақов Б. Домбыра үйрену мектебі. Алматы: Өнер, 1992 – 98 б.
2. Райымбергенов. А., Аманова С. Күй қайнары. – Алматы: Өнер, 1990. – 288 б.
3. Қазанғап. Ақжелең: күйлер / Күйлерді жинап, нотаға түсірген А. Райымбергенов. - Алматы : Өнер, 1984. - 415 бет.

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА НА МУЗЫКАЛЬНЫХ ЗАНЯТИЯХ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Шавшун Т.И., студентка 2 курса специальности
«Музыкальное образование»

Научный руководитель: **Турлубаева Д.К.**, старший
преподаватель кафедры искусств

Костанайский государственный педагогический университет
им. У. Султангазина, г. Костанай

Актуальность. Полиязычное обучение и воспитание патриотизма у дошкольников становится особенно актуально в связи с требованиями сегодняшнего дня, целями и задачами Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения (далее – ГОСДВО), утвержденного ППРК от 13 мая 2016 года № 292.

В период внедрения полиязычного образования воспитание полиязычной личности дошкольника, освоившего базовые ценности родного языка, готового к социокультурному взаимодействию на государственном и других языках, способствует формированию гуманистических ценностей, готовности к толерантному поведению. Поэтому нами была разработана программа вариативного курса, направленная на формирование поликультурной личности у детей дошкольного возраста на музыкальных занятиях в рамках реализации программы «Рухани Жаңғыру». Данная программа «На континентах музыки» прошла проверку с присвоением ISBN ГУ «Национальной государственной книжной палатой Республики Казахстан».

Работаю над данным опытом с сентября 2017 года по настоящее время.

Ведущая идея программы - развитие трехязычия в процессе осуществления разнообразных видов музыкальной деятельности, организованных форм досуга, совместной